



## Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы экономикалық ынтымақтастық туралы 2001-2005 жылдарға арналған шартты бекіту туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 10 қаңтар N 18

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қырғыз Республикасына 2001 жылғы 23-24 шілдедегі ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді :

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мен

Қырғыз Республикасы арасындағы экономикалық ынтымақтастық туралы 2001-2005 жылдарға арналған шартты бекіту туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТИНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы  
арасындағы экономикалық ынтымақтастық туралы 2001-2005  
жылдарға арналған шартты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы

экономикалық ықпалдастықты одан әрі терендету және тең құқықты әрі өзара  
тиімді ынтымақтастықты дамыту мақсатында қаулы етемін:

1. 2001 жылғы 24 шілдеде Бішкек қаласында жасалған Қазақстан  
Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы экономикалық ынтымақтастық

туралы 2001-2005 жылдарға арналған шарт бекітілсін.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы

экономикалық ынтымақтастық туралы

2001-2005 жылдарға арналған

## ШАРТ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы,

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Мәңгі достық туралы 1997 жылғы 8 сәуірдегі шартты басшылыққа ала отырып,

мемлекетаралық ықпалдастық экономикалық дамудың маңызды бөліктерінің бірі болып табылатынын ескере отырып,

Тараптардың тең құқылышы және өзара тиімді сауда-экономикалық және өндірістік қатынастарын одан әрі нығайту және дамыту, оларға ұзак мерзімді және тұрақты сипат беру, экономикалық әлеуетін тиімді пайдалану қажеттілігін негізге ала отырып, төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Тараптар осы Шарттың құрамдас бөлігі болып табылатын, Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) іске асыруды жүзеге асыраады.

2-бап

Тараптар өздері қатысушылар болып табылатын халықаралық шарттарға және үлттық заңнамаларының ережелеріне сәйкес, меншік нысандарына қарамастан, Тараптардың шаруашылық субъектілері арасындағы өзара тиімді экономикалық қатынастарды дамыту жолымен экономикалық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Тараптар өздерінің үлттық заңнамаларына сәйкес Тараптар аумағында инвестициялық жобаларды жүзеге асыруды инвесторларға септік жасау үшін, бірлескен өндірістік құрылымдар құруға, жекешелендіруге өзара қатысуға қолайлы жағдайлар жасайтын болады.

### 3-бап

Тараптардың Үкіметтері Бағдарламаның орындалуын үйлестіретін, оның іске асырылуын бақылауды жүзеге асыратын және қажет болған жағдайда, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар енгізетін болады.

### 4-бап

Осы Шарттың ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде дау және келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер жолымен шешетін болады.

### 5-бап

Тараптардың өзара келісіүі бойынша осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Шарттың ажырамас бөліктері болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

### 6-бап

Осы Шарт Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындаитын құқықтар мен міндеттемелерді қозғамайды.

### 7-бап

Осы Шарт Тараптардың оның күшіне енүі үшін қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдерді орындауы туралы соңғы жазбаша хабар алынған күннен күшіне енеді.

Егер Тараптардың бір де бірі оның күшін тоқтату ниеті туралы басқа Тарабына жазбаша хабар жібермесе, осы Шарт 2005 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімге жасалады. Осы Шарт осындай хабар алынған кезден алты айдан кейін күшін жоғалтады

Осы Шарттың күшінде болатын мерзімі тоқталысымен оның ережелері іске асыру кезеңінде тұрган жобаларға қатысты күшінде қалады.

2001 жылғы 24 шілдеде Бішкек қаласында, әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды және барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Шарттың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасы  
үшін

Қырғыз Республикасы  
үшін

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы  
2001-2005 жылдарға арналған экономикалық ынтымақтастық  
БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы экономикалық байланыстардың дамуы екі мемлекет экономикасының жетекші салаларының арасында тарихи қалыптасқан өндірістік және ғылыми-техникалық байланыстармен, оларды өзара тиімді және тең құқықтық негізде сақтаудың және одан әрі дамытудың объективтік қажеттілігімен байланысты.

Қырғыз Республикасының экономикасы тұтынатын химия және мұнай химиясы өнімдерінің, көмірдің, металургия өнімдерінің және минералдық өнімдердің едәуір бөлігі Қазақстан Республикасынан жеткізіледі.

Өз кезегінде, Қазақстан Республикасы Қырғыз Республикасынан электр қуаты,

электротехника өнеркәсібі, көкөніс шаруашылығы өнімдерін, құрылыш индустриясы мен тамақ өнеркәсібінің жекелеген түрлерін алып тұрады.

Сонымен бірге, соңғы жылдары шаруашылық және кооперативтік байланыстардың әлсіреуі, өндіріс көлемдерінің едәуір құлдырауы, өзара тауар айналымының қысқаруы байқалуда.

Отын-энергетикалық және агроенеркәсіптік кешендер, машина құрылышы мен жеңіл өнеркәсіп, көлік және коммуникациялар саласында, техникалық күрделі және ғылыми жұмысалымды түрлерін қоса алғанда, өнімнің әртүрлі түрлерін өндіру, сондай-ақ іргелі зерттеулер жүргізу саласындағы өзара мүдделілік туғызатын мәселелерді шешуге бағытталған мақсатты бағдарламаларды әзірлеуде және іске асыруда екі жақты экономикалық өзара қарым-қатынастардағы ынтымақтастықтың мүмкіндіктері жеткіліксіз пайдаланылады.

Экономикалық қатынастардағы қазіргі проблемалар өзара тиімді экономикалық ынтымақтастықтың ұзақ мерзімді стратегиясы мен басымдықты бағыттарын қалыптастыру жөніндегі, қалыптасуы мен іске асырылуы осы Бағдарламада көзделетін қажетті де сындарлы шаралар мен шешімдер қабылдауды қажет етеді.

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Мәңгі достық туралы 1997 жылғы 8 сәуірдегі шарт және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Еркін сауда туралы 1995 жылғы 22 маусымдағы келісім осы жұмысты жүргізу үшін негіз болып табылады.

## I. Бағдарламаның негізгі мақсаттары мен міндеттері

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы 2001-2005 жылдарға арналған экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) өзара тиімді экономикалық байланыстарды дамыту екі мемлекет экономикасы жетекші салаларының ынтымақтастығы мен өзара іс-қимылында елеулі прогресске қол жеткізу бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру осы негізде өзара сауда айналымын өсіру мақсаттарында әзірленді.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін:

- екі мемлекеттің өзара экономикалық толықтыру сипатын анықтау;
- экономикалық ынтымақтастықтың мақсатты үкіметаралық және ведомствоаралық бағдарламаларын қалыптастыру;
- ғылымның ең жаңа жетістіктерін және озық технологияларды енгізу, шығарылатын өнімнің сапасы мен бәсекелестік қабілетін арттыру саласында кәсіпорындар арасындағы өндірістік-технологиялық байланыстарды дамыту;
- экономика салаларындағы өзара ұтымды және тиімді ынтымақтастық;
- ортақ ақпарат кеңістігін қалыптастыру және жетілдіру;
- экономикалық қатынастар саласындағы заңнамалық базаны үйлесімдендіру және

бірегейлендіру жолымен мемлекеттердің экономикалық ынтымақтастығының тұрақты дамуын қамтамасыз ету көзделеді.

## II. Экономикалық ынтымақтастықты дамыту

Бағдарламаны іске асыру Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының экономикалық интеграциясының одан әрі дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Тараптардың экономикалық ынтымақтастығының жалпы мәселелеріне:

екі мемлекет экономикасын құрылымдық қайта құруға қатысты тұжырымдамалық көзқарастарды жақындастыру;

ақша-несие саясаты, инвестициялар, қорыногы, тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелерінде Тараптардың өзара іс-қимылын тереңдету жатады.

Салалардағы өзара іс-қимылдың негізгі нысандары болып табылатын салааралық ынтымақтастық төмендегілерді көздейді:

бірлескен кәсіпорындарды құру мүмкіндіктері ескеріле отырып, геологиялық барлау жұмыстары саласында бірлескен шаралар кешенін әзірлеу және жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының өзара мұдделері ескеріле отырып, су-энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалануды жүзеге асыру;

қоршаған ортаны қорғау және жағдайын жақсарту, табиғатты ұтымды және ресурс үнемдеу тұрғысынан пайдалану саласындағы ынтымақтастықты дамыту;

машина құрылышы, химия өнеркәсібі, көлік және коммуникациялар саласындағы өзара тиімді даму және ынтымақтастық;

өзара мұдделілік туғызатын экономикалық ынтымақтастық, қоршаған ортаны қорғау, сейсминалық қауіп мониторингі және болжау, іргелі және қолданбалы зерттеулер саласындағы қажетті өндірістік-техникалық, нұсқаулық-әдістемелік және ғылыми ақпаратпен алмасуды одан әрі дамыту.

## III. Бағдарламаны іске асыруды басқару

Осы Бағдарламаны іске асыру мақсатында Тараптардың Үкіметтері ағымдағы жыл ішінде Сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі Бірлескен Қазақстан-Қырғыз үкіметаралық комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) кезекті мәжілісінде тиісті Іс-шаралар жоспарын әзірлейтін және қабылдайтын болады.

Осы Бағдарламаны іске асыру барысын бақылауды Комиссия жүзеге асырады.

Комиссия мыналарға қатысты шешімдер қабылдайды:

- Бағдарламаны іске асыру жөнінде мемлекеттік органдардың қызметін

үйлестіру, оны іске асыруды бақылау және қажет болған жағдайда Бағдарламаға тиісті өзгерістер енгізу;

- Бағдарламаны іске асыруға, өзара экономикалық ынтымақтастықтың перспективтік бағыттары бойынша бірлескен жобалар мен бағдарламаларды іске асыруды бақылауға байланысты мәселелер бойынша және Бағдарламаны орындауға байланысты басқа да проблемалар бойынша үкіметаралық келісімдердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қобдалиева Н.М.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК